

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2113 тіркелген "Шарттар жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 620 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 433 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 30 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2652. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 м а у с ы м д а ғ ы

N 211 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі

19. "Шарттарды жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 маусымдағы N 620 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 433 бұйрығы (Қазақстан

Б ұ й ы р а м ы н :

1. "Шарттар жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 620 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2113 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 86 бұйрығымен - N 2212 тіркелген, 2003 жылғы 18 маусымдағы N 236 бұйрығымен өзгерістер енгізілді - N 2440 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шарттар жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстар тізбесінде, "**Е с к е р т у "** **б а ғ а н ы :**

125-ерекшелік бойынша мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған шарттар: әкімшісі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі болып табылатын "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" бюджеттік бағдарламасы бойынша соманы айырбастау және кейіннен Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігінің шотына аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына аудару кезінде талап етілмейді.";

138, 139, 146, 149-ерекшеліктер бойынша:

"әкімшісі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі болып табылатын" деген сөздерден кейін "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" бюджеттік бағдарламасы бойынша," деген сөздермен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н ,**

қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады.

144, 411-ерекшеліктер бойынша:

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"әкімшісі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі болып табылатын "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" бюджеттік бағдарламасы бойынша".

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

